

Маңғыстау облысының білім басқармасы
«Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы» МКҚК



ВАРИАТИВТІ САҒАТТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

(әдістемелік нұсқаулық)

Ақтау қаласы, 2020ж

ЖЕТКІЗГЕН ЖИДЕ БАУЛЫБАЙҚЫЗЫ

ВАРИАТИВТІ САҒАТТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ (әдістемелік нұсқаулық)

Бұл жинақ мектептердегі қосымша білім берілетін вариативті сағаттар негізінде ашылған факультатив сабақтар мен үйірме жұмыстарын жандандыру және жетілдіру мақсатында облыс мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

КІРІСПЕ

Еліміздегі «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының іргетасы білім беру ұйымдарынан бастау алады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұстаздар алдына жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін беретін белсенді, білімді және дені сау азамат қалыптастыру міндетін қойды. Сондықтан, республикамызда білім беру үрдісіне енгізіліп жатырған ұлы өзгерістермен қатар, тәрбие саласындағы қызметте де жаңа бағыт-бағдар қолға алынып, ұлтымыздың рухани және шығармашылық әлеуетін жаңғырту мақсатында түрлі бағдарламалар мен тұжырымдамалар, жоспарлар дүниеге келді, бар нәрселер жаңғыртылуда.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 14-бабында оқу бағдарламалары мазмұны мен бағыттарына (міндеттеріне) қатысты - **жалпы білім беретін, кәсіптік, қосымша білім беру** болып, үш бағыт көрсетілген. Осылардың ішінен, қосымша білім беру бағыты балалардың шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі мен азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» да білім сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттарының бірі - жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасы азаматтарының интеллектуалдық, рухани және дене бітімі дамуын қалыптастыру мәселесін қамтиды. Ал бұл жұмыстардың дені, яғни, интеллектуальдық, рухани және дене бітімін тәрбиелеу жұмысы қосымша білім беру қызметі арқылы жүзеге асады.

Бүгінгі таңда, қосымша білім беру қызметін негізгі, жалпы білім беру бағдарламаларының құрамына енгізу көзделіп отыр. Яғни, білім берумен қатар, балалардың функциональдық сауаттылығын арттыру, алған білімін тәжірибеде, өмірде орынды іске жарата білу қабілеттерін қалыптастыру тәрізді бірлескен әрекеттер арқылы педагогиканың күрделі мәселелері - оқыту мен тәрбиелеуді шешу бағытында жұмыстар қолға алынуда.

Қосымша білім беру қызметі екі бағыт - сыныптан және мектептен тыс жүргізілетін жұмыстар арқылы жүзеге асады. Бұл екі жұмыста да оқушыға таңдау еркіндігі беріледі. Яғни, факультативтік сағаттар, үйірмелер мен секцияларға т.т. және мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарына бару оқушының жеке құзіретіне жатады. Бұл екі бағыттағы жұмыстар бір-бірінен мазмұны мен өткізу, ұйымдастыру әдістерімен ерекшеленеді. **Сыныптан тыс жұмыс** – мектепішілік, сыныптан тыс уақыттарда жеке тұлғаның дамуы үшін қажетті жағдай туғызуға бағытталған педагогтардың түрлі қызмет аясы болып табылады.

Ал мектептен тыс жұмыстар арнайы жарғы, бағдарламалары мен мемлекеттік нормативтік құжаттары бар, оқушылардың білім алу мерзімі бекітілген мекемелерде, яғни қосымша білім беру ұйымдары - өнер және саз мектептері, спорттық кешендер, аула клубтары, шығармашылық орталықтар мен туристік орталықтар, станцалар, мәдени-ойын-сауық-спорттық кешендерде жүргізіледі.

Мектептен тыс жұмыстар арнайы жарғымен жұмыс жасайтын мекемелерде жүзеге асатындықтан, оларға тоқталмай, мектепте жүргізілетін мектепшілік қосымша білім беру қызметін қалай ұйымдастыруға болады, неге назар аударуымыз керек деген бағытта төмендегі ойлар ұстаздар назарына ұсынылады.

Білімді дамыту стратегиясы негізінде вариативті инновациялық технологияларды бекітуге бағытталған, 2017 оқу жылынан бастап 5 күндік оқу үдерісіне көшкен еліміздегі білім беру жүйесіне ең қажетті шара – ол оқушының бос уақыттарын, оның ішінде, сенбі күндері мектептегі қосымша білім беру қызметін жандандыру, күшейту, сонымен қатар, сапалы да қызықты, бала сұранысына сәйкес ұйымдастыра білу болып табылады.

Сенбі күнінің (алтыншы күн) негізгі міндеттеріне: мектептегі өзін-өзі басқару; білім алушылардың бос уақыттарын қосымша білім берумен максимальды қамту есебінен жеткіншектер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстардың алдын алу шараларын қамтамасыз ету; **«Отбасы - Мектеп, Қоғам»** байланысын нығайту жұмыстары кіреді. Сондықтан ұлттық код, құндылықтарымызды сақтау, оқушы белсенділігін, көшбасшылық қабілетін дамыту, тәрбие ісіндегі қосымша білім беру қызметтерінің: факультативтер, үйірмелер, студиялар мен клубтар, бірлестіктер және балалар ұйымдарының жұмысын жандандыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып танылады.

Егер бұрындары қосымша білім қызметінде мәдени-бос уақытқа көбірек көңіл бөлінсе, балалардың танымдық қызығушылығын қанағаттандыру өрісіне байланысты, бүгінгі таңда **БІЛІМДІЛІК ҚЫЗМЕТ** үлкен масштабқа ие болып отыр. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында *«қосымша білім беру - білім берудің дербес түрі, сондықтан, оның мазмұны негізгі жалпы білім берудің мазмұнынан өзгеше болуы керек»* деп танылады. Қосымша білім қызметі балалардың өзін-өзі кәсіби деңгейде ұстауға, мектептің базалық компонентінде алған білімін, күшін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру үйірмелеріне (факультатив, секция, үйірме т.т.) келетін оқушылар – **біріншіден**, мүлдем жаңа ортаға кіреді, сыныптастарынан бөлек, көзқарастары, дүниетанымы ұқсас, жаңа дос, қатар-құрбы табады. Өзара байланыс, қарым-қатынас орнайды, табиғи дарынының ашылуына мүмкіндік алады; **екіншіден**, оқушы өзінің қажетсінуіне, мүмкіндігіне және қабілетіне сәйкес қосымша білім алады; **үшіншіден**, алған білімінің, істеген жұмысының нәтижесін қысқа уақытта көре алады;

төртіншіден, қосымша білім алған оқушы қатарларынан ерекшеленеді, белсенді, бастамашылығы жоғары, кез-келген ортада өздерін ұстай алатын, лидерлер ретінде (ортаның гүлі) қалыптасады.

Қорыта айтқанда, қосымша білім беру қызметін оқушының бос уақытындағы мәдени шара деп қарамай, білімін толықтырып, белгілі бір кәсіпке қарай бағыттайтын, болашағынан үлкен үміт күттіретін жұмыс деп тануымыз керек.

Егер мектептерде вариативті сағаттардағы қосымша білім беру жұмысына жоғары талап қойылатын болса:

- мектептердегі аты бар да сапасы төмен 100-ге жуық үйірме (секция) саны азаяды;
- жекелеген бағдарламалар, жобалардың көбеюінен, вариативті білім беру жүйесі дамиды;
- баланың бос уақытын мағыналы өткізуінен, құқық бұзушылық, тәртіпсіздік азаяды;
- мұғалімдерге өзінің жеке «хоббиін», шығармашылық қызметін көрсету, оны жүзеге асыру мүмкіндігі берілгендіктен, педагогтар бір-бірінен кәсіби дараланады;
- оқушылардың іскерлік қабілеті мен өнертапқыштық таланты ұшталып, ерте бейіндік бағдар алады;
- баланың қоршаған ортаға дұрыс қарым-қатынасы, эстетикалық байқампаздығы орнайды;
- мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың артуына жағдай жасалады;
- үйірмелерге қатысу балаға өз жолын табуға түрткі болады, өздерін белгілі бір мамандыққа қарай бейімдейді.

Сондықтан, жастардың Отанын сүйуге, оған қызмет етуге, елінің, жерінің, туған өңірдің тарихын, халқын, өз ұлтын, азаматтарын тану мақсатында жүргізілетін бұл шаралар білім жүйесінде актуальды деп танылып отыр.

1. Сіздердің назарларыңызға **«Туризм Өлкетану»** үйірмесіне пайдалануға төмендегідей кеңес беріледі:

Теориялық білім беру бөлімінде оқушыларға үйірменің талап, ережелері, тарих, геология ғылымы мәліметтері беріліп (*туристік техника және тактика, бағдарлану, топография, алғашқы медициналық көмек көрсету элементтері, геологиялық маришрут, геологиялық кесік, палеонтология, минералогия және петрография, радиометрия, гидрология т.т.*) ұғындырылады. Саяхатқа барған жерлері туралы, әңгіме, очерк, эссе жазуға машықтандырылады. Фотоға түсіру, бейнероликтер жасау, туристік

әндерді (бард) үйрету жұмыстары жүргізіледі. Жалпыұлттық қасиетті орындарға барудың маршруттары енгізіліп, бекітіледі.

Оқушылардың жазғы, күзгі, көктемгі каникулдарында экспедициялар мен саяхаттар ұйымдастырылады. Балаларды тек тұрғылықты жерлерге емес, өзге аймақтарға да саяхат, жорықтарға апару көзделеді.

Туристік жорықтар, саяхаттар жергілікті жердегі тарихи орындарға, табиғаты жақсы жерлерге, тауларға, өзен, көлдерге бару, танысу, көру мақсатында екі, үш одан да көп күндерге созылып өткізілуі мүмкін. Жорық кездерінде оқушылар ұзақ қашықтыққа жүк көтеріп жүру, әр түрлі кедергілерден өту, күрке (палатка) құру, от жағу, тамақ пісіру және т.б. жорық дағдыларын меңгерген болуы тиіс.

Үйірмеде оқушылар экскурсиялық, саяхат, жорықтармен қоса, танымал қоғам қайраткерлері, жазушылардың, ғалымдардың, еңбек ардагерлерінің өмір жолы туралы деректер жинайды, жобалар дайындайды, археологиялық қазба жұмыстарына қатысады, геологиялық ескерткіштерге тастағы жазуларға сипаттама жазады, жергілікті диалект сөздерді, кітапханалардан өлке туралы деректер жинайды, оларды жүйелейді, суреттер салады және пішінді түрлі тастардан бұйымдар, бейнероликтер, анимациялық ойындар жасайды.

Жыл бойы жасаған жұмыстары туралы оқушылардың, қосымша білім педагогының БАҚ беттерінде материалдары жарияланып отырылады, мектепте үйірме мүшелерінің жылдық есебі беріледі.

ОБЛЫС МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ВАРИАТИВТІ САҒАТТАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫНА ШОЛУ

Жалпы білім беретін мектептердегі туризм, өлкетану, экология бағыттарындағы үйірме жұмыстарына әдістемелік көмек күндерін ұйымдастыру туралы білім басқармасының 13.01.2020ж № 05-нқ бұйрығы негізінде облыстағы 96 мектепке вариативті сағаттар бойынша зерделеу қызметі көрсетілді.

Бүгінгі таңда, облыс бойынша жалпы білім беретін мектептердегі 148869 оқушының 61,1 пайызы вариативті сағаттардағы үйірме, секцияларға қамтылған.

№	Аудан, қала	Барлық оқушы саны		Үйірме, секцияларға қамтылған оқушылар			
		ҰББДҚ	II жарты жылдық	ҰББДҚ	Қамту %	II жарты жылдық	Қамту %
1	Ақтау қаласы	42563	42731	19258	45,2	16602	38,9
2	Бейнеу ауданы	16293	16283	13014	79,9	11948	73,4
3	Жаңаөзен қаласы	32236	32405	22019	68,3	19218	59,3
4	Маңғыстау ауданы	8423	8447	8212	97,5	7864	93,1
5	Мұнайлы ауданы	31045	31119	23842	76,8	24467	78,6

6	Қарақия ауданы	8668	8607	4406	50,8	4946	57,5
7	Түпқараған ауданы	8168	8172	6047	74,0	4824	59,0
8	ОДБАММИ	530	551	336	63,4	837	151,9
9	ЖБИЛ	168	169	319	189,9	45	26,6
10	БИЛ	383	385	546	142,6	241	62,6
	Барлығы:	148477	148869	97999	66,0	90992	61,1

Зерделеу барысында ҰББДҚ (Ұлттық деректор қоры) мен ІІ жартыжылдық бойынша алынған сандық мәліметтер арасында айырмашылықтар байқалды.

Оқу жылының басындағы ҰББДҚ-на салынған оқушылардың 8673-і, яғни, Ақтау қаласында - 2656; Бейнеу ауданында - 1066; Жаңаөзен қаласында - 2801; Маңғыстау ауданында - 348; Түпқараған ауданында - 1223; ЖБИЛ - 274; БИЛ - 305 оқушы үйірмелерге қамтылмай қалған. Керісінше, Мұнайлы ауданы - 625; Қарақия ауданы - 540; ОДБАММИ - 501, барлығы 1666 оқушыны қосымша қабылдаған.

№	Аудан, қала	Барлық оқушы саны	Туризм, Өлкетану үйірмесі		Экология үйірмесі		Барлығы		
			саны	оқушы	саны	оқушы	саны	оқушы	қамту%
1	Ақтау қаласы	42731	18	438	21	525	39	963	2,3
2	Бейнеу ауданы	16283	4	74	18	370	22	444	2,7
3	Жаңаөзен қаласы	32405	19	828	17	557	36	845	2,6
4	Маңғыстау ауданы	8447	3	44	13	230	16	274	3,2
5	Мұнайлы ауданы	31119	11	220	53	1214	64	1434	4,6
6	Қарақия ауданы	8607	10	250	22	443	32	693	8,1
7	Түпқараған ауданы	8172	10	266	10	241	20	507	6,2
8	ОДБАММИ	551	6	65	-	-	6	65	11,8
9	ЖБИЛ	169	-	-	1	5	1	5	3,0
10	БИЛ	385	-	-	-	-	-	-	-
	Барлығы:	148869	81	2185	155	3585	236	5770	3,9

Ал барлық оқушының 3,9 пайызы туризм, өлкетану, экологиялық бағытпен қамтылып отыр.

Осы бағыттарда аудан/қалаларда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Түпқараған ауданы, Е.Өмірбаев атындағы және З.Баймырзаев атындағы мектептердің мұғалімдері Г.Сақтағанова мен А.Көшекова; М.Горький атындағы мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі Джумашев Біржан, Маңғыстау ауданы Өтес орта мектебінің география пәні мұғалімі Надирова Гүлсім, Қарақия ауданы №11 орта мектептің биология пәні мұғалімі А.Абилова; Жаңаөзен қаласының

№15 орта мектебінің биология пәні мұғалімі Абдыров Сергей тәрізді ұстаздар оқушылармен нәтижелі жұмыс жүргізіп отыр.

Г.Надированың жүргізіп отырған клубының үйірме оқушылары республикалық ғылыми жобалардан, туристік – өлкетану бағытындағы сайыстардан жүлделі орын алса, республикалық «Үздік педагог-2019» жүлдегері, ҚР «Әлем мұғалімі» сыйлығының номинанты, халықаралық іріктеу кезеңінен өткен 10 мұғалімнің арасында Г.Надированың мектептегі туризм жұмыстары да Лондондағы халықаралық зерттеуге жіберілген.

Ал мектептерде әдістемелік көмек қажет болатын төмендегідей кемшіліктер байқалды:

- Мұғалімдер үйірме мен факультативтік сабақты ажырата алмайды.
- Бір үйірмеге, не факультатив сабаққа сыныптағы 25-30 оқушы жаппай қамтылады.
- Ата-аналардың келісім-арызы қабылданбайды.
- Факультатив сағаттардың оқушының таңдауымен, үйірме оқушының қызығушылығы бойынша құрылатынына мән берілмейді.
- Ұлттық білім беру деректер қорына (ҰББДҚ) тапсырған мәлімет пен мектеп бұйрықтарындағы сандар сәйкеспейді.
- Облыс мектептеріндегі үйірмелердің көпшілігі «Көркем жазу», «Волейбол», «Футбол», «Баскетбол», «Логика» тәрізді болып ашылған, жалпы оқушы қызығушылығы ескерілмейді.
- Экологтар үйірмесінде оқушылар биологияның өсімдіктер тарауын қайта оқиды.
- Ақтау қаласы М.Әуезов атындағы №20 орта мектептің әкімшілігі бұйрықтарында жоқ 100 баланы қамтыған 10 үйірме туралы орталыққа ақпарат берген (10.10.2019ж №01-35/1744 хат).
- Жаңаөзен қаласы №19 орта мектептің 2-4 сыныптарды түгел қамтыған 27 сағаттық «Қызықты математика» үйірмесіне әрқайсысына бір сағаттан 27 мұғалім сабақ береді. №6 орта мектептің «Табиғат зерттеушілері» үйірмесінің күнтізбелік жоспары тек өсімдіктермен шектелген.
- Қарақия ауданындағы жаңа типті мектеп «Құрық» орта мектеп-гимназиясында туризм үйірмелері ашылмаған, экология, өлкетану үйірмелерінің жоспарларының мазмұны сын көтермейді.
- Мұнайлы ауданы №5 орта мектепте 2019/2020 жаңа оқу жылы басындағы ВУ-2 нысанды есепте үйірмелер саны көрсетілетін жерге балалардың саны жазылып, 58 үйірмеге қамтылған оқушысы 1683 делінеді, үйірмедегі бала санына да үйірме саны салынған. Ал П-39 нысанды есепте бұл үйірмелер саны 59-да, оқушы саны - 1659. Мектеп директорының 04.01.2020ж. «Үйірме сағаттарын беру туралы» №272-нқ және 324-нқ бұйрықтарымен мектепте 60 үйірме көрсетілген.
- №6 орта мектепте 1-11 сыныптар арасында 2862 оқушыға 65 үйірме бөлінсе, нысандық есепте 78 үйірме болып тапсырылған.

- №10 орта мектепте 1-4 сыныптардың 139 вариативтік сағаты екінші жартыжылдықтан бастап мұғалімдерге беріліп, үйірмелер ашылды.

- №1 орта мектептің 02.09.2019ж бекіткен факультативтік курс кестесінде Р.Фазылбаевада «Абайтану» факультатив курсына 11 сыныпқа бір сағат берілсе, 09.01.2020ж 18-нқ бұйрығымен бекіген Қосымша-1 - де Р.Фазылбаеваға мұндай сағат бөлінбеген.

- Бейнеу ауданы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте 1 сыныптың 8-інде «Көркемжазу»; 1-4 сыныптағы 31 сыныпта «Логика» және «Қызықты математика» факультативтік сағаты өтеді. Ұлттық білім беру деректер қорына (ҰББДҚ) 12 туристік-өлкетану үйірмесі көрсетілген. Ал мектеп әкімшілігінің 02.09.2019 №098 бұйрығында бұл үйірмелер жоқ. «Эколог» үйірмесінде Маңғыстау экологиясы туралы бір тақырып та қамтылмаған.

- Мектеп әкімшіліктерінің бұйрықтары сын көтермейді, Ақтау қаласының жаңа типті №13 мектеп-гимназиясының 02.09.2019ж. №47/1-нқ бұйрығында өтетін үйірме, факультатив сағаттардың тақырыптары мүлдем жазылмаған, тіпті, сыныптары көрсетілмеген. Мектептерде «Физиканы, тарихты дамыту», «Медициналық топ» деген факультативтік сағаттар берілген? Қойылған аттар өте тартымсыз.

- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орындалуы тиісті міндеттердің ішіндегі «Туған жер» бағдарламасының тұжырымдамалық тәсілдерінің 1.1.«Білім беру» іс-шарасында жалпы білім беретін мектептерде, ЖОО-да «Туған өлке тарихы» немесе «Өлкетану» факультативтік (міндетті) пәнін енгізу туралы БЖҒМ берілген тапсырмаға сәйкес облыс мұғалімдері дайындаған «Өлкетану» пәнінің факультатив сабағында ұйымдастырылатын саяхат сабақтар көрсетілмеген. Мектеп әкімшілігі саяхат сабақтарды ұйымдастыруға мән бермеген және оның міндетті екендігін түсінбеген. Мұғалімдер «Өлкетану» пәнінің күнтізбелік жоспарын оқулық негізінде қамти алмай отыр. Кей мектептерде бұл оқулық қолданыссыз жатыр.

- Мектеп басшылары күнтізбелік жоспарларды терең зерттеп қарамайды. Жаңа оқу жылының алдында, яғни, 29.08. күндері мектеп басшылары жоспарларды оқымастан, қарамастан, зерделеместен бекітеді. Өлкетану, туризм, экология бағытындағы мұғалімдердің үйірме, факультативтік сабақтарының күнтізбелік жоспарларында *ОҚО, Павлодар, Батыс Қазақстан облысының климаты, Маңғыстау облысының дене тәрбиесі* т.т. туралы тақырыптар жоспарланады және мектеп оқулығының материалдары толық кіріп, оларды мектеп әкімшіліктері бекітіп келген.

- Мұғалімдердің жоспарларында нақтылық жоқ. Жоспарда сыныбы көрсетілмейді, жоспардың бағдарламасы немесе түсінік хаты жазылмайды. Тіпті, жетекшінің, сабақ беретін мұғалімнің аты- жөні жазылмаған жоспарлар бекітіле береді.

- Теориялық және практикалық сағаттар бөлініп көрсетілмейді.

- Жоспарға сыныптағы оқушының білім деңгейіне, жасына сәйкес емес ауыр тақырыптар алынады.

- Мектеп әкімшіліктерінде үйірме, факультативтерге сабақ беретін мұғалімдердің шығармашылық есептері қаралмайды, тек жалпылама ақпарат беріледі. Мұғалімдер сауалнамада «есеп бердім» деп көрсеткендерімен, мектеп педкеңестерінде бұл жұмыстардың қаралмағандығы байқалды.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, мектеп әкімшіліктерінің назарына

- Ұлттық білім беру деректер қорына (ҰББДҚ) берілетін сандық мәліметтер мектеп басшысының вариативтік сағаттарға берілген бұйрығындағы мәліметтермен бірдей болуын бақылауда ұстау;

- Мектеп әкімшіліктерінде мұғалімдердің бағдарламалары оқу жылының аяғына дейін (*25 мамырға дейін*) зерделеніп, бекітіліп, жоспардың жаңа оқу жылына дайын болуын қамтамасыз ету;

- Факультативтік сағаттар мен үйірме бағдарламаларын жасауда танымдық, тәжірибелік білім мен жалпы жұмыстың мазмұнына мән беру;

- Үйірмеге, не факультатив сабаққа оқушыларды нормаға сәйкес қабылдау (10-15 оқушыдан асырмау);

- Үйірме, не факультатив сабақтарды оқушылардың қызығушылығына, таңдауларына сәйкес ашу;

- Оқушыларды ата-аналарының келісіміне орай қосымша біліммен қамту;

- Маңғыстау географиясы, әдебиеті, тарихы қосымша оқулықтарын пайдаланып, «Өлкетану» факультативтік пәнін міндетті түрде оқыту;

- «Өлкетану» оқулығына бөлінген саяхат сабақтарды тиісті деңгейде жүргізу;

- Білім жетілдіру мақсатында қосымша білім беретін мұғалімдердің семинарлары мен курстарын ұйымдастыру тәрізді ұсыныстар берілді.

Ал вариативтік сағаттардың жұмыстарын жолға қою мақсатында мектеп әкімшіліктерінің ұсыныстары негізінде Ақтау қаласындағы М.Әуезов атындағы №20 орта мектеп және Ф.Оңғарсынова атындағы №29 орта мектептерді тірек мектептері ретінде сынақ алаңына алу қаралды.

Мұғалімдерге қозғау салу мақсатында 27.02.2020ж «Өлкетану оқулығы: Саяхат сабақтарын ұйымдастырудың тиімді жолдары» тақырыптарында облыстың 80-ге жуық мұғалімін қамтыған танымдық әдістемелік кеңес ұйымдастырылды.

ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРДАҒЫ ҮЙІРМЕЛЕР ТУРАЛЫ САНДЫҚ МӘЛІМЕТ

2019-2020 оқу жылында облыста 148869 баланы қамтыған 139 білім беру ұйымында 236 туристік-өлкетану, экологиялық бағыттардағы үйірмелер жұмыс жасайды. Оның ішінде 81-і туристік-өлкетану, 155-і экологиялық бағыттағы үйірмелерге жалпы саны 5770 оқушы қамтылған (қамту пайызы 3,9%).

№	Аудан/қала	Барлық оқушы саны	Туризм-өлкетану үйірмесі		Экология үйірмесі		Барлығы		
			Үйірме саны	Оқушы саны	Үйірме саны	Оқушы саны	Үйірме саны	Оқушы саны	Қамту %
1	Ақтау қаласы	42731	18	438	21	525	39	963	2,3
2	Бейнеу ауданы	16283	4	74	18	370	22	444	2,7
3	Жаңаөзен қаласы	32405	19	828	17	557	36	845	2,6
4	Маңғыстау ауданы	8447	3	44	13	230	16	274	3,2
5	Мұнайлы ауданы	31119	11	220	53	1214	64	1434	4,6
6	Қарақия ауданы	8607	10	250	22	443	32	693	8,1
7	Түпқараған ауданы	8172	10	266	10	241	20	507	6,2
8	БИЛ	385	-	-	-	-	-	-	-
9	ЖБИЛ	169	-	-	1	5	1	5	3,0
10	ОДБАММИ	551	6	65	-	-	6	65	11,7
	Барлығы:	148869	81	2185	155	3585	236	5770	3,9

САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨРСЕТКІШ

жылдар	Туризм-өлкетану бағытындағы үйірмелер		Экология бағытындағы үйірмелер		Барлығы	
	Үйірме саны	Оқушы саны	Үйірме саны	Оқушы саны	Үйірме саны	Оқушы саны
2018 жыл	107	2041	125	2555	232	4596
2019 жыл	209	3897	160	3908	369	7805
2020 жыл	81	2185	155	3585	236	5770

Кестеде көрініп тұрғандай, үйірмелердің саны да, қатысушылар да жыл сайын секірмелі өзгеріп отыр, әсіресе туризм-өлкетану бағытындағы үйірмелер туралы мәліметтер түсініксіз. Бұл жағдай жұмысты дұрыс ұйымдастырмай, есепті қалай болса солай бергендіктен болып отырғандығын осы жылғы көктемде жүргізілген мониторинг көрсетті.

ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ ЖАДЫНАМАСЫ

	Зерделеу жұмысының нысаны	Мазмұны
1	Үйірменің жоспары, бағдарламасы	<i>Үйірменің берілісі туралы мектеп директорының бұйрығы, әдістемелік кеңестің хаттамасы, мектеп әкімшілігінде бекітілуі</i>
2	Үйірмеге оқушылар қабылдау	<i>Үйірмеге қатысушылардың бекітілген тізімі, ата-аналардың келісім арызы</i>
3	Үйірме мүшелері	<i>Үш оқушыдан кем емес, олардың атқаратын шаралары, міндеттері</i>
4	Үйірменің қоғамдық пайдалы тапсырмалары	<i>Қоршаған орта, өндірістермен, мекемелермен байланыстылығы, практикалық жұмыстары</i>
5	Үйірменің білімдік, танымдық деңгейлік сатылары	<i>Үйірменің бірнеше жылға жоспарлануы, нәтижелері</i>
6	Үйірменің жұмыс кестесі, үйірме журналы	<i>Мектеп әкімшілігімен бекітілуі, оқушылардың үйірмеге қатысы</i>
7	Үйірме жұмысының мектеп әкімшілігінде қаралуы	<i>Үйірме жетекшісінің есебінің тыңдалуы</i>
8	Қауіпсіздік шаралары	<i>Табиғаттағы тәртіп ережелері. Санитария, гигиена ережесі. Алғашқы дәрігерлік көмек. Үйірме мүшелерінің қауіпсіздік шараларымен танысқандығы туралы қол қойылған құжаттар</i>
9	Үйірмедегі экскурсия, тақырыптық кештер, көрмелер, саяхат сабақтарының құжаттары	<i>Мектеп әкімшілігінің келісімі, не бұйрықтары, хаттамалар, мекемелерге жазылған қатынас қағаздары</i>
10	Туристік саяхатты ұйымдастыру: топтық және жеке құрал-саймандар, алау жабдықтары.	<i>Саяхатқа шығуға болатын рұқсат етілген аймақтар мен бекітілген аялдайтын орындар, тиісті жабдықтар</i>
11	Үйірме жетістіктері	<i>Мектепшілік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық шаралармен таныстықтары, қатысулары</i>
12	Үйірме кабинеті	<i>Үйірме ережесі, үйірме тақырыбына сәйкес көрнекілік ақпараттардың болуы</i>
13	Ақпараттық шаралар	<i>БАҚ беттерінде жарияланулары</i>

МЕКТЕП ҮЙІРМЕСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

(Ережені мектеп директоры бекітеді, әдістемелік кеңес мақұлдайды, мектеп мүмкіншілігіне орай толықтырулар мен қысқартулар енгізеді)

1.1. Осы Ереже білім беру ұйымдарындағы үйірмелер (секциялар) ашу және олардың қызметін ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

1.2. Үйірмелер (секциялар) әр түрлі қызмет түрлерінде жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушыларды әлеуметтік қорғау және уақытын тиімді пайдалану, олардың сабақтан тыс уақытын қолайлы өткізуге жағдай жасау үшін бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған.

1.3. Мектептің вариативті оқу жүктемесіне сәйкес білім мазмұнының өз мүмкіндігі мен қажетіне қарай және балалар мен ата-аналардың талап-тілектерін ескере отырып ашылатын үйірмелердің (секция) ішкі құрылымы балалардың жасына байланысты әртүрлі болады.

1.4. Үйірме жетекшісі мектеп директорының бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

1.5. Үйірмелерге (секцияларға) жалпы басшылықты директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырады.

1.6. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, жалпы білім беретін оқу орны туралы үлгі ережеге, мектеп жарғысына, лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес әзірленеді.

2. Қызығушылық мазмұндағы үйірменің мақсаты, міндеттері

2.1. Үйірме жұмыстарының мақсаты:

қосымша білім беру арқылы өмірге бейім жеке тұлға қалыптастыру.

2.2. Оқушылардың өзі қызығатын саласында практикалық жұмыспен айналысатын бірлестік болып саналатын үйірмелердің **міндеттері:**

- оқушыларға кәсіби бағдар беру, белгілі бір мамандықтарға қарай бейімдеу;

- балаларды адамгершілікке, адам құқықтарын құрметтеуге, Отанға, табиғатқа, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

- балалардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру үшін жағдай жасау, олардың денсаулығын нығайту.

- оқушылардың өнерге, мәдениетке құштарлығын дамыту мен тәрбиелеу, уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру.

3. Үйірмелерді (секцияларды) ашу тәртібі

3.1. Үйірмелерді (секцияларды) ашу оқу жылының соңына дейін жоспарланады және ағымдағы жылдың 10 қыркүйегіне дейінгі мерзімде

жүзеге асырылады, ал үйірмелерге (секцияларға) оқушыларды қосымша қабылдау оқу жылы ішінде жүргізіле береді.

3.2. Оқушылардың үйірмедегі (бөлімде) орындары ауырған немесе курорттық емдеуде болған жағдайда да сақталынады.

3.3. Үйірмелерге (секциялар) қабылданушылар саны 15 адамнан тұрады және тізім ата-аналардың (оларды алмастыратын адамдардың) өтініштеріне сәйкес мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

3.4. Әрбір оқушы әр түрлі бағыттағы бірнеше үйірмеге (секцияларға) қатысуға, сонымен қатар оқу бағытын өзгертуге құқылы.

3.5. Спорт секциясындағы сабақтар үшін оқушының осы спорт түрімен айналысуға рұқсат берілген медициналық анықтамасы болуы тиіс.

4. Үйірмелердің (секциялардың) қызметін ұйымдастыру тәртібі

4.1. Үйірмелердегі оқу жылы 01 қыркүйектен басталып, 31 мамырда аяқталады.

4.2. Үйірмелердің жаңа оқу жылына дайындығын үйірме жетекшілері өткен оқу жылының аяғына дейін жоспарлайды, яғни, бағдарламалары, күнтізбелік жоспарлары бекітіледі.

4.3. Үйірме жетекшілері сабақ кестесін жасақтау үшін үйірмелердің (секциялардың) бекітілген жұмыс бағдарламаларын қамтамасыз етеді.

4.4. Үйірмелер мен секциялардағы сабақтар оқу жылының басында үйірме (секция) жетекшісінің санитарлық ережелердің талабына сәйкес оқушылар үшін ең қолайлы жұмыс және демалыс күндерін ескере отырып құрастырған кестесіне сәйкес өткізіледі. Кестені мектеп директоры бекітеді.

4.5. Үйірмелер (секциялар) жұмысы мектептің әдістемелік кеңесі қабылдаған бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады. Үйірме (секция) үшін бағдарламаны әзірлеу кезінде жетекшілер қосымша білім беру ұйымдарының шамамен (Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі ұсынған) немесе дербес әзірлеген бағдарламаларын қолдана алады.

4.6. Вариативті сағаттар есебінен ашылатын үйірмелер сағаты мектепшілік зерделеуден өткен, бағдарламалары өзекті деп танылған мұғалімдерге беріледі. Сағат санын мұғалімге 1 немесе 0,5 жүктеме шамасында да беруге болады.

4.7. Үйірмелер жұмысының нәтижелері жыл бойы концерттер, көрмелер, конкурстар, сыныптан тыс жұмыстар, конкурстар мен олимпиадаларға қатысу түрінде шығарылады.

5. Үйірмелер мен секцияларды басқару

5.1. Үйірменің (секцияның) жетекшісі директордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

5.2. Үйірме жетекшісі оқушылардың үйірмедегі (секциядағы) жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, оқушылардың өмірі мен денсаулығына жауап береді.

5.3. Үйірмелерге (секцияларға) жалпы басшылықты директордың тәрбие жөніндегі орынбасары лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырады.

6. Құжаттама және есеп беру

6.1. Үйірме жетекшілері келесі құжаттарды сақтайды:

- мектеп әкімшілігімен келісілген және бекітілген жұмыс бағдарламасы, күнтізбелік жоспары, бекітілген оқушылар тізімі, ата-аналардың арызы;
- оқушылардың сабаққа қатысы, өткізілген сабақ мазмұны мен ұзақтығы көрсетілген топтық жұмыс журналы;
- әдістемелік әзірлемелері бар папкалар.
- есеп беру ақпараттық құжаты (фотоесеп, бейнеролик т.т.).

6.2. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары үйірмелердің (секциялардың) жұмысын, тақырыптық тексерулерді мыналар арқылы жүзеге асырады:

- тоқсан сайын журналдарды кемінде бір рет тексеру;
- мектепшілік бақылау кестесіне сәйкес сабаққа қатысу;
- қолданыстағы, немесе, жаңадан ашылған үйірмелерді ұйымдастыру және әлеуметтік сұранысты қанағаттандыру жағдайын зерттеу мақсатында оқушылар мен ата-аналардың арасында сауалнама жүргізу.

7. Үйірменің материалдық-техникалық базасын қалыптастыру тәртібі

Үйірме қызметі мектептің бюджетінен қаржыландырады (Оқушылардың көрмесі, сайыстары, саяхаттары, шығармашылық есептері т.т.).

Үйірме мектептің кабинетін, немесе, жақын маңда орналасқан көршілес мәдени мекемелердің бос бөлмелерін пайдалану арқылы қызметін жүргізеді.

Мектеп әкімшілігі үйірме жүргізілетін кабинеттерді жабдықтауға, оқушы отыратын парта, орындықтар, тақта, материалдық детальдар мен саймандардың болуына, интернет желісін пайдалану мүмкіндігіне жауапты болады.

Үйірме жетекшісі кабинеттегі мүліктердің сақталуына, тазалығына тиісті көрнекіліктермен безендіруге міндетті.

Жоғарыда айтылғандай, мектептердегі вариативті сағаттардың қолданысына жүргізілген зерделеу жұмысының нәтижесінде сынақ алаңына алынған мектептер үшін дайындалған әдістемелік ұсыным танысу мақсатында мұғалімдер назарына беріледі.

МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҮЙЛЕСТІРУ СЫНАҒЫН (АПРОБАЦИЯ) ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

1. Кіріспе

Заманауи мектеп саналы түрде таңдау жасап, өз бетінше шешім қабылдай алатын және қоғамдық өмірге жауапкершілікпен қатысуға ынталы тұлғаның қызығушылықтарына бейімделуімен ерекшеленеді. Жаһандану дәуірінде сабақтан тыс уақыттарда ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңірген, озық білім жаңалықтарын игерген, нарықта бәсекеге түсе алатын, кәсіби азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу бүгінгі күннің мақсатты мәселесіне айналып отыр.

Бұл мақсаттарды жүзеге асырудың бір жолы мектеп оқушыларының әлеуеттік қабілеттерін жан-жақты дамытуға бағытталатын қосымша білім беретін үйірмелер моделін құру болып табылады.

Осыған орай, Маңғыстау облысының білім басқармасының 11.03.2020ж *«Жалпы білім беретін мектептердегі туризм, өлкетану, экология бағыттарындағы үйірме жұмыстарына әдістемелік көмек күндерінің қорытындысы туралы»* №44-нқ бұйрығының 3.1. тапсырмасына сәйкес білім беру ұйымдарындағы вариативті сағаттар есебінен ашылатын үйірмелердің қызметін реттеу, жандандыру және оларды сапалы ұйымдастыру мақсатында Ақтау қаласындағы М.Әуезов атындағы №20 орта мектеп пен Ф.Оңғарсынова атындағы №29 орта мектептері мектеп үйірмелері жұмыстарын үйлестіру сынағын өткізу (апробациялау), мониторинг алаңы болып бекітілді.

Сынақ алаңына алынған мектептердегі сынақ мерзімі 2020 жылдың мамыр айы мен 2021 жылдың мамыр айы арасын қамтиды.

2. Жалпы Ережелер

1. Сынақтан өткізу (апробациялау) бойынша дайындалған бұл әдістемелік ұсынымның мақсаты - оқушылардың қызығушылықтары бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды ұйымдастыру формасын жетілдіру, білім алушылардың білім деңгейін арттыруға бағытталған оқу жоспарының вариативті үйренушілік компоненті бойынша оқушыларға сапалы қызмет түрлерін ұсыну.

2. Ұсынылып отырған әдістемелік ұсыным эксперимент алаңына алынған мектептердегі оқушылардың қосымша танымдық білім алуын, мектеп үйірмелеріндегі оқу үдерісінен күтілетін нәтижелерді, үйірме жұмыстарының құрылымы мен құрамын, оқушы жетістіктерін бағалау моделін, үйірмелердің оқу үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтайды.

3. Әдістемелік ұсыным балалардың қосымша білім алу құқығын қамтамасыз ету үшін сынақ мектептерінің (бұдан әрі – СМ) басшылары мен педагогтеріне көмек ретінде әзірленді.

4. СМ басшылары үйірмелердегі қосымша берілетін қызмет процесін ұйымдастырудың барлық сынақ мәселелері бойынша білім алушыларды, педагогтерді, басқа да қызметкерлерді, ата-аналарды (заңды өкілдерді) ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.

5. СМ басшылары білім алушылардың, педагогтердің және басқа да қызметкерлердің мектепте ашылған үйірмелердегі қосымша қызмет процесін ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды, жоғары тұрған басқару органдарға қабылданған шаралар туралы уақытылы ақпарат береді.

3. Мектеп үйірмелерінде қосымша білім қызметін ұйымдастыру тәртібі

6. Үйірмедегі қосымша қызмет процесін ұйымдастыру белгіленген оқу жүктемесіне, жұмыс жоспарына, білім беру бағдарламаларына, сабақ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Үйірменің білімдік-танымдық бағдарламаларына, қысқа, ұзақ мерзімді жоспарларына, үйірменің іс-қимыл шараларына және оқу-әдістемелік кешендер бойынша Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы, Облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталықтары әдістемелік көмек береді;

8. Оқушылар мен мұғалімдерді іріктеуді, оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау, үйірменің білім беру қызметінің сапасын бағалау, жылдық қорытынды жұмыстарын ұйымдастыру, ғылыми-зерттеушілік, ұйымдастырушылық және ақпараттық-технологиялық тұрғыдан қолдау жасау мектеп әкімшілігінің жауапкершілігінде болады.

9. Оқушыларға түрлі бағытта танымдық-білімдік мақсатта мектептің вариативті сағаттарынан ашылған мектепшілік үйірмелерді (секция) жүргізу мектеп педагогтары мен жеке икем-дағдысы, қабілеті бар өзге де мамандық иелеріне жүктеледі.

10. Мектептер жүйесінде қызмет атқаратын қосымша білім педагог мамандардың біліктілігін арттыру, білімін жетілдіру қызметі республикалық «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ мен басқарманың Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы арқылы жүзеге асады.

4. Мектеп үйірмелерінде қосымша білім қызметіне қатысушылардың жауапкершілігі

11. СМ директоры:

- Үйірменің бағдарламасын, жұмыс жоспарын, сабақ кестесін бекітеді;

- Үйірме жетекшілері мен өзге де қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырады;

- Үйірмелердегі жұмыс сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдайды.

12. СМ директорының тәрбие жөніндегі орынбасарлары, қосымша білім беру қызметіне жауапты педагогтар, әдіскерлер:

- Үйірме жетекшісінің ұсынған білім беру бағдарламаларын зерделейді, ұсыныстар арқылы келісім береді;

- Сабақ кестесін құрастырады, оларды СМ интернет-ресурстарында (сайт) орналастырады;

- Үйірме жетекшілерімен бірге білім алушылардың білім беру қызметін ұйымдастыруды анықтайды: оқытудың әдістері мен тәсілдері, білім алушылардың тапсырмаларды алу мерзімдері және олардың орындалған жұмыстарын зерделейді, БАҚ беттерінде насихаттайды;

- Білім беру процесінің барлық қатысушыларын (педагогтерді, білім алушыларды, ата-аналарды (занды өкілдерді), басқа да қызметкерлерді) жұмысты ұйымдастыру және оқыту нәтижесі туралы хабардар етуді жүзеге асырады;

- Үйірмелердегі жүргізіліп жатырған жұмыстар туралы педагогтермен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен кері байланыс жүргізіп, қосымша білім беру үдерісін тұрақты мониторинг пен бақылау арқылы жүзеге асырады;

- Жаңа мазмұндағы білім технологияларын қолдануға мүмкіндік жасай отырып, қосымша білім процесін ұйымдастыру барысында әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады;

- Үйірме жетекшілерінің оқу жүктемесін орындау бойынша жұмысты үйлестіреді;

13. Үйірме жетекшісі:

- Үйірменің бағдарламасын, күнтізбелік-тақырыптық және жеке жоспарларын жасақтайды;

- Балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, жұмыс істеу үшін жеке және топтық тапсырмаларды әзірлейді;

- Білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға жеке кеңес өткізеді.

- Жоспарланған тапсырмалардың орындалуын бақылайды.

14. Үйірмеге қатысушы:

- Үйірме және сынып жетекшісімен тығыз байланыста болады;

- Үйірменің бағдарламасымен, жұмыс жоспарымен танысады;

- Үйірмеде берілген тапсырмаларды орындау кезінде өзін-өзі бақылау қағидаларын сақтайды.

15. Үйірмеге қатысушылардың ата-аналары (занды өкілдері):

- Үйірменің жұмыс жоспарымен, сабақ кестесімен танысады;

- Мүмкіндігінше үйірмеге қатысушы баласының тапсырмаларды орындауын бақылайды;
- Үйірме жетекшісімен, сынып жетекшісімен, үйірмеге келушілер және олардың ата-аналарымен байланыста болады;
- Баласының үйірмеге келуі үшін жағдай жасайды.
- Демеушілік және қамқоршылық жұмыстарға араласады.

16. Үйірме жетекшілері пайдалана алатын дереккөздер

- 1) Бейнесабақтар
- 2) Виртуалды экскурсиялар
- 3) Мұражайлар қызметі
- 4) Online ресурстар.
- 5) Туристік маршруттар
- 6) Тігін цехтары
- 7) Аспаздық мекемелер т.т.

5. Мектеп үйірмелеріндегі қосымша білім қызметінің бағыттары және түрлері

СМ директорларының назарына мектеп үйірмелеріндегі қосымша білім беру қызметінің 7 бағыты бойынша үйірме түрлері ұсынылады.

№	№	Үйірмелердің бағыттары мен аттары	Бала саны
1.Ғылыми-техникалық бағыт			
1	1	Кеме, машина, зымыран үлгілеу	5-7
	2	Робот техникасы	10
	3	Радиотехника	5-7
	4	Компьютерлік графика, дизайн	5-7
	5	Кинобейнебаян	5-7
	6	Жарнама өнері	10
	7	Мультипликация	5-7
	8	Құм графика/ анимация	10
2.Туристік-өлкетану бағыты			
2	9	Туризм	12-15
	10	Өлкетану	12-15
3. Экология-биологиялық бағыт			
3	11	Ландшафттану	7-8
	12	Ароматерапия	7-8
4. Музыкалық бағыт			
4	13	Қазақ халық аспаптары: Домбыра, Домбыра оркестрі	15
	14	Жеке академиялық ән	3-5
	15	Дәстүрлі ән	3-5
	16	Эстрадалық вокал	5

	17	Халықтық ән	3-5
	18	Эстрадалық-джаз ән	3-5
	19	Хор	20
5. Көркем-эстетикалық бағыт			
5	20	Сурет	10
	21	Шаш сәндеу	7-8
	22	Мүсін	5-7
	23	Компьютерлік дизайн	5-7
	24	Батик	5-7
	25	Гобелен	5-7
	26	Жіпті графика	5-7
	27	Шілтер	5-7
	28	Таспен көркем ою	5-7
	29	Ағашты көркем кесу	5-7
	30	Сүйектен көркем ою	5-7
	31	Мүсіндеу, керамикалық мүсіндеу	5-7
	32	Кесте	10
	33	Макраме	10
	34	Оригами. Қағаздан жасалған бұйымдар (гүлдер, құстар, жануарлар және т. Б.)	5-7
	35	Икәбана. Табиғи материалдан жасалған бұйымдар	5-7
	35	Кілем тоқу	5-7
	37	Зергерлік өнер	5
	38	Ағашқа көркем сурет салу	5
	39	Металл бойынша көркем сурет салу	5
	40	Керамика бойынша көркем сурет салу	5-10
	41	Аппликация	5-8
	42	Теріні көркем өңдеу	5
	43	Металды көркем өңдеу	5-7
	44	Пирография ағашқа, теріге, матаға күйдіру	5-7
	45	Шынымен жұмыс: витраж, мозаика	10
	46	Бисер тоқу	10
	47	Пэчворк (құрақ тігу), декупаж (кесілген немесе үзілген бейненің көмегімен декорациялау техникасы), скрапбукинг (қолөнер түрі-альбомдар мен кітапшалардың әр түрлі тіліктерінен жасау), point-to-point техникасындағы декор, квиллинг (қағаз айналдыру өнері), фелтинг (жүннен жасалған бұйымдар)	10-12
	48	Би өнері	10
	49	Драма	10-12
	50	Қуыршақ театры	10-12

	51	Кино өнері	5-7
	52	Тігін	10
	53	Фотоөнер	5-7
6. Әлеуметтік-педагогикалық бағыт			
6	54	Журналистика	5-7
	55	Балалар қоғамдық қозғалысы	10-15
	56	Музей қызметі	5-7
	57	Әскери-патриоттық клуб	15-20
7. Спорттық бағыт			
7	58	Қазақ күресі	5-7
	59	Дзюдо	5-7
	60	Бокс	5-7
	61	Еркін күрес	5-7
	62	Қоян-қолтық ұрыс	10
	63	Таэквондо	10
	64	Айкидо	12
	65	Футбол	20
	66	Баскетбол	20
	67	Шахмат	7-9
	68	Тоғыз құмалақ	12
	69	Көркем гимнастика	10

Ескерту:

Үйірмелерге (секция) жоба ретінде осы атаулар ұсынылады.

6. Сынақ жұмыстарынан күтілетін нәтижелер

- Мектептердегі саны көп, сапасы төмен, жаттанды таптауырын үйірмелердің орнына заманауи, оқушы қызығушылығын қанағаттандыратын үйірмелер ашылады;

-Мектептің оқу жоспарының вариативті сағаттары тиімді пайдаланылады;

-Үйірме жүргізуші мұғалімдердің белсенділігі, ұйымдастыру қабілеттілігі артады;

-Үйірме жетекшілері бағдарламалары мен жұмыс жоспарларын сапалы дайындауға жаттығады;

- Мұғалімдер балалармен қосымша жұмыс істеу әдістерін, әдістемелік дағдыларды меңгереді;

- Балалардың көшбасшылық қабілеттері айқындалып, кәсіби өсуге ұмтылысы жоғарылайды;

- Оқушыларға ұсынылатын қосымша білім қызметінің аясы кеңейеді;

- Оқушылар қолданбалы дағдыларды (модельдеу, сурет салу, ән айту, аспаптарда ойнау, көркем еңбек, спорт, әлеуметтік қызмет, дизайн технологиясы т.т.) меңгереді;

7. Нормативтік сілтемелер

Осы әдістемелік ұсынымда төмендегі нормативтік құжаттар мен әдебиеттер пайдаланылды:

- 2017 жылдың 3 шілдесіндегі жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 2016 жылғы 9 сәуірдегі №501-V 2017 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

- ҚР БЖ ҒМ. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. «Сабақтан кейінгі мектеп: Оқушылардың сабақтан тыс кездегі бос уақытын ұйымдастыру». Әдістемелік ұсыныстар, 2015ж;

- Қажиева Г.Т . «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және басқару» Әдістемелік құрал, 2014ж;

**2020/2021 оқу жылы ішінде
мұғалімдерге ұсынылатын байқау!!!**

«МЕКТЕП ҮЙІРМЕСІ – 2020» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже Маңғыстау облысының жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары арасында өткізілетін **«Мектеп үйірмесі – 2020»** байқауының мақсаты мен міндеттерін, өткізу тәртібін және қаржыландыруын анықтайды.

1.2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері.

Байқаудың мақсаты: Облыстың жалпы және қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірменің қызметін жетілдіру

Байқаудың міндеті:

- Үйірме жетекшілерін ынталандыру, қосымша қызмет сапасын арттыру;
- Үйірме жұмыстарына көрсетілетін әдістемелік көмек түрлерін жандандыру;
- Үйірме жетекшілерінің озат іс-тәжірибелерін тарату.

3. Байқауды өткізу тәртібі

2.1. **«Мектеп үйірмесі-2020»** байқауы үш кезеңде өтеді.

2.2. I кезең- мектепшілік: **Қыркүйек айы.**

Мектепшілік байқауға мектептегі барлық үйірме жетекшілері қатыса алады. Мектеп әкімшілігі байқауды үйірме жетекшілерінің апталығы түрінде ұйымдастырып, ереже талабына сәйкес анықталған үздік үйірме жетекшілерінің жұмыстарын 2-інші кезеңге ұсынады.

3.3. II кезең – аудандық, қалалық: **Қазан айы.**

Аудандық, қалалық білім бөлімі өзінде құрылған комиссия шешіміне сәйкес байқау қорытындысын шығарып, ағымдағы жылдың 25 қазанына дейін тиісті құжаттарды облыстық кезеңге тапсырады.

2.4. Облыстық байқауға қатыстыру туралы аудандық, қалалық білім бөлімі басшысы қол қойған хат-ұсыныс жазылып, оған байқаудың қорытындысы туралы хаттамалық шешім мен бұйрық көшірмесі тіркеліп, **ocdt-2017@mail.ru** электронды поштасына жолдануы тиіс.

2.5. Облыстық байқауға жіберілетін жеңімпаздың құжаттары Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығында қаралады. Орталықтың мекен-жайы: Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №8 ғимарат, 103 кабинет.

2.6. III кезең – облыстық: **Қараша айы.**

Облыстық кезеңге келген құжаттарды сарапшылар зерделегеннен кейін іріктеуден өткен байқауға қатысушы үміткерлер қараша айының бірінші аптасында өтетін байқауға шақырылады.

Облыстық байқау кезеңіне жіберілген материалдарды сараптамадан өткізу және байқауға қатысушыларды анықтау үшін құрамында 5 адамнан кем емес сарапшылық комиссия жасақталады. Облыстық сарапшылық комиссияның шешімі, егер оған тізімдік құрамның жартысынан көбі дауыс берсе, қабылданған болып есептеледі. Шешім хаттамамен қабылданып, төраға және оның мүшелері қолымен ресімделеді.

3. Байқаудың жүрісі

3.1. Байқауға қатысушы төмендегі талаптарды орындайды:

- Үйірме жұмысының бір сабағының бейнеролигі (15 мин);
- Үйірме портфолиосы;
- Үйірме жұмысы туралы қоғамдық пікірлер бейнематериалы (мектеп әкімшілігі, үйірмеге қатысушы оқушы, ата-ана т.т. 7 мин);
- Үйірме жетекшісінің таныстырылымы (таныстырылым кезінде жоғарыда көрсетілген жұмыстар қайталанбауы тиіс. 5 мин);
- **«Үйірме жұмысы арқылы оқушы бойына рухани-адамгершілік және зияткерлік қасиеттерін қалыптастыру жолдары»** тақырыбындағы баяндама оқу. Жұмыс А4 форматта 4 бет көлемде, Times Ntw Roman, 14 қаріпінде жазылып, электрондық нұсқасы тапсырылады.
- Үйірме жетекшісінің өнері.

4. Байқауды ұйымдастырушы:

Байқауды Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ұйымдастырады. Байланыс телефоны: 8/7292/60-54-00.

Байқауға жауапты әдіскерлер:

- Жиде Баулыбайқызы Жеткізген, ұ/т: 87013615847;
- Назгүл Рүстемқызы Рүстемова, ұ/т: 87789952995.

This image shows a single sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

МАЗМҰНЫ

1	Кіріспе.....	3
2	Облыс мектептеріндегі вариативті сағаттардың қолданысына шолу.....	4-8
3	Туристік-өлкетану, экологиялық бағыттардағы үйірмелер туралы сандық мәлімет.....	9
4	Үйірме жұмыстарын зерделеу жадынамасы.....	10
5	Мектеп үйірмесі туралы Жалпы Ереже.....	11-13
6	Мектептердегі үйірме жұмыстарын үйлестіру сынағын (апробация) жүргізу туралы әдістемелік ұсыным.....	14-20
7	«Мектеп үйірмесі - 2020» облыстық байқауының ережесі.....	21-22

**Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер
туризмінің орталығы**

Байланыс телефоны: 8(7292) 60-54-00

Орталықтың ресми сайты: <https://ocdt.kz/kz/>

Эл.пошта: ocdt-2017@mail.ru